21660927049

# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

27 тамыз 2024 жыл Іс № 3971-24-00-2/2970 Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Касымханова А.К. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер Курманалиева Анар Калдарбековна (ЖК «Ильяс»)

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:** мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-тің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайларминистрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Курманалиева Анар Калдарбековнаға (ЖК «Ильяс») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Курманалиева Анар Калдарбековна (ЖК «Ильяс») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Курманалиева Анар Калдарбековнадан (ЖК «Ильяс») мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш

беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **А.Касымханова**

Құжатқа қол қойылған: Касымханова А. К., 27.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2024, судья Касымханова А. К., 09.10.2024

3971-24-3-1/3259